Бекітемін
«Kids Avenue» жеке балабақша
директор Гаврилина Е.М.

Келісемін
«Kids Avenue» жеке балабақша
әдіскер

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған**

**іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Топ: «Алматы»**

**Балалардың жасы: 3.**

Орал 2023-2024 ж.

Түсінік хат

2023– 2024 оқу жылында «Kids Avenue» жеке балабақша»

«Алматы» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;
- «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама),

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - сенсорика күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Мектепке дейінгі ұйым: «Kids Avenue» жеке балабақша»
Топ:«Алматы»кіші тобы
Балалардың жасы: 3 жас

| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Денешынықтыру** | **Жалпыдамытушыжаттығулар**. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>**Негізгіқимылдар:**<br>1) жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру<br>2) жүгіру.Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>3) секіру. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру,<br>4) Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>5) еңбектеу, 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу<br>6) тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырыпқырлы тақтайдың бойымен жүру;<br>7) сапқа қайта тұрудағдыларын қалыптастыр.Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>1) велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру;<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарға баулу, «жүгір», «ұстабелгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Жаттығуларды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді;<br>негізгі қимыл түрлерін орындайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | үш дөңгелекті велосипедті тебудің дағдыларын меңгерген;<br>бірлескен қимылды ойындарға қатысады.<br>жүруде тепе-теңдікті сақтайды |
| | | |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудіңдыбыстықмәдениеті.**<br>Дағдылардықалыптастыру:<br>дауысты (а, ә, е, о, ұ)<br>**Сөздік қор:**<br>1) ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>1) сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру,<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) суреттерді, заттарды қарастырудакезінде байланыстырып сөйлеу;<br>2) шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>дауысты дыбыстарды анық айтады;<br>дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді;<br>барлық сөз таптарын қолданады;<br>қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;<br>сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады. |
| | **Көркемәдебиет** | **Оқу, әңгімелеу.**<br>Балаларды:<br>1) Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту,<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;<br>әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін сақтайды;<br>сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:** сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу<br>**Күтілетін нәтиже:** қазақ тіліне тән дыбыстарынды ә дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді;туыстық қатынасты сөздердің мағынасын түсінеді. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>"Көп", "біреу" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету;<br>**Шама.**<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>1) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру;<br>**Геометриялық пішіндер.**Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбертүйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.<br>**Кеңістікте бағдарлау.**<br>Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады;<br>біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады;<br>өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады;<br>тәулік бөліктерін – таңертең, күндіз, кеш, түнді таниды және атайды. |
| | **Құрастыру** | **Құрылысматериалдарынанқұрастыру.**<br>Келесідағдылардықалыптастыру:<br>1) Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру<br>**Күтілетіннәтижелер:**<br>әртүрлітүстегіжәнепішіндегібөлшектерденқарапайымқұрылыстарқұрастырабіледі;<br>құрылысбөліктерінажыратадыжәнеатайды;<br>өзіқұрағанқұрылысынқуыршақтың, ойыншықтардыңөлшемдеріменүйлестіреді; |
| | **Қоршағанорта мentанықтыру** | **Менің отбасым**<br>1) отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін атауға үйрету. "Отбасы", "Үй", "Демалыста" және басқа мазмұнды-рөлдік ойындарды ұйымдастыру;<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;<br>Келесі қарапайым ұғымдарды қалыптастыру:<br>1) туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>**Жануарлар әлемі.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық),<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау),<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды;<br>мазмұнды-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды;<br>көлік құралдарын атайды;<br>балабақша, балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар;<br>өздері тұратын қала бастапқы түсініктерге ие.<br>туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы ұғымдарды игерген;<br>кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды;<br>үй жануарларды атайды;<br>табиғатқа қамқорлық танытады. |
| | **Сурет салу** | **Заттық сурет салу.**<br>Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Сюжеттіксурет салу, ойлауыбойыншасурет салу.**<br>Қоршаған әлемніңэмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.<br>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. **Күтілетін нәтижелер:**<br>сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі;<br>негізгітүстердідұрысатайды; |
| | **Мүсіндеу** | **Заттықмүсіндеу:**<br>1) сазбалшықтың, ермексаздыңқасиеттеріментанысудағдыларынжетілдіру. көкөністер мен жемістерді, мүсіндеудағдыларынқалыптастыру;<br>**Күтілетіннәтижелер:**<br>сазбалшықтың, ермексаздыңқасиеттерінбіледі;<br>мүсіндеудіңәртүрлітәсілдерінпайдаланады;<br>1-3 бөліктентұратынзаттардыжаяалады;<br>мүсіндеугеқажеттінегізгітехникалықдағдылар мен біліктердіигерген. |
| | **Жапсыру** | **Келесідағдылардықалыптастыру:**<br>1) дайынпішіндердензаттардыңбейнесінжасауғаүйрету;<br>2) бейнеленгензаттарғасәйкестүстердітаңдау;<br>3) желімдеудіңтехникасы;<br>4) ересектердаярлағаніріжәнебарыншаұсақэлементтердіорналастыру мен желімдейбілуі;<br>5) желімдіқылқаламғаұқыптытүрдежағыпалу,<br>6) жаймадағыдайынпішіндергежағу;<br>7) желімқалдықтарынжоюүшінмайлықтыпайдалану.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;<br>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді |

| | | |
|---|---|---|
| | | орналастырады және желімдейді;<br>желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдаланады. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру<br>**Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру.<br>**Билер:** Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру<br>**Ойындар, хороводтар:** әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту: шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** ересектермен ілесе отырып әнді айтады. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтайды,түзеу бағытта жүреді.әр түрлі қалыптарда тұруға икемді. Сылдырмақтармен ойнайды |

| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
|---|---|---|
| **Қазан** | **Дене шынықтыру** | ***Жалпыдамытушыжаттығулар*.** Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу.<br>Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>1.Жүру. Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгерту<br>2. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру.<br>3. Секіру. Жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отыру, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>4. Лақтыру. Оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.<br>5.Еңбектеу. өрмелеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу;<br>6.Тепе-теңдікті сақтау. Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>7. Сапқа бір-бірден тұру. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>Үш дөңгелекті велосипедті тура, солға бұрылып тебу.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**.<br>Еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Қимылды ойындар**<br>Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br><br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>дене жаттығуларын орындай алады;<br>негізгі қимыл түрлерін орындайды;<br>үш дөңгелекті велосипедті тебудің дағдыларын меңгерген;<br>өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына, салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие. бірлескен қимылды ойындарға қатысады. |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу;<br>**Сөздік қор:**<br>Балалардың сөздік қорын ойын жаттығулары арқылы кеңейту<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану;<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдану;<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>дауысты дыбыстарды анық айтады;<br>дұрыс сөйлеу қарқынына ие;<br>қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді;<br>барлық сөз таптарын қолданады;<br>қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;<br>сөздерді жекеше, көпше түрде және септік жалғауларын қолданады. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркемәдебиет** | **Оқу, әңгімелеу.**<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету,кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;<br>бейнелі сөздерді қолданады;<br>таныс ертегілерді сахналауға қатысады;<br>әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін сақтайды;<br>– сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта:**өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тіліне тән ә дыбысын қайталау ө дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын жемістердің, көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қазақ тіліне тән дыбыстарынды ә,ө дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді;(бар, кел, айт) Бұйрық райлы етістіктерді қолдана біледі. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>"Көп", "біреу" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>**Шама.**<br>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру: жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық пішіндер.**<br>Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікте бағдарлау.**<br>Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау,<br>**Уақытты бағдарлау.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Келесі дағдыларды қалыптастыру<br>Тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады;<br>біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады;<br>өзіне қатысты кеңістікті бағдарлай алады;<br>тәулік бөліктерін – таңертең таниды және атайды. |
| | **Құрастыру** | **Құрылыс материалдарынан құрастыру.**<br>Келесі дағдыларды қалыптастыру:<br>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. **Күтілетін нәтижелер:**<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыра біледі;<br>құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; өзі құраған құрылысын қуыршақтың, ойыншықтардың өлшемдерімен үйлестіреді; |
| | **Қоршағанортаментаныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру,<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.**<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану **Жануарлар әлемі**.<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; |

| | | |
|---|---|---|
| | | мазмұнды-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды;<br>көлік құралдарын атайды;<br>туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы ұғымдарды игерген;<br>кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды;<br>үй жануарларды атайды;<br>табиғатқа қамқорлық танытады. |
| | **Сурет салу** | **Заттық сурет салу.**<br>Көкөністер мен жемістерді, ойыншықтарды, бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн)<br>**Сәндік сурет салу.**<br>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>**Сюжеттіксурет салу, ойлауыбойыншасурет салу.**<br>Құмға таяқшалармен өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие;<br>дөңгелек пішінді заттардың суретін салу дағдыларына ие;<br>өз бетінше ойдан сурет салуды игерген |
| | **Жапсыру** | **Келесі дағдыларды қалыптастыру:**<br>1) дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>2) бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;<br>3) желімдеудің техникасы;<br>4) ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;<br>5) желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу,<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген;<br>бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады;<br>ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді;<br>желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдаланады. |
| | **Мүсіндеу** | **Заттықмүсіндеу:**<br>1) Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру сазбалшықтың, ермексаздыңқасиеттеріментанысудағдыларынжетілдіру. көкөністер мен жемістерді, мүсіндеудағдыларынқалыптастыру;<br>**Күтілетіннәтижелер:**<br>сазбалшықтың, ермексаздыңқасиеттерінбіледі;<br>мүсіндеудіңәртүрлітәсілдерінпайдаланады;<br>1-3 бөліктентұратынзаттардыжаяалады;<br>мүсіндеугеқажеттінегізгітехникалықдағдылар мен |

| | | |
|---|---|---|
| | | біліктердіигерген. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Билер:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Ойындар, хороводтар: әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту: шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**күтілетін нәтиже:** Жоғарғы дауыс пен төменгі дауыспен ән салады, қол қозғалыстарын жақсы біледі. Түрлі жануарлардың жүрісін өз еркімен биге салып жасай алады, аспаптардың дыбыстарына қызығады. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
| **Караш а** | **Дене шынықтыру** | **Жүру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта:<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру.<br>**Жүгіру.** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта жүгіру.<br>**Лақтыру.**Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық),<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу.<br>**Секіру.** Тұрған орнында қос аяқпен<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** Бірінің артынан бірі сапқа тұру<br>**Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);<br>**Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға |

| | | |
|---|---|---|
| | | күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбаларлармен бетінше ойнауға ынталандыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүреді;жүруде тепе-теңдікті сақтайды;бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді;<br>оң және сол қолмен қашықтыққалақтыра алады,заттардың арасымен еңбектейді, жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды;бірлескен қимылды ойындарға қатысады; жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындайды. |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту,<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** зат есімдерді жекеше, көпше түрде, қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.<br>**Күтілетін нәтижелер:** дұрыс сөйлеу қарқынына ие; зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады;<br>бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі;әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; |
| | **Көркемәдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:** ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды;тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта:** бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө қайталау қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>өзінің мекен-жайы, тұратын қаласы туралы айтуға үйрету; мақал-мәтелдер айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қазақ тіліне тән дыбыстарынды қ,ө дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және ді; жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады, көпше түрде қолданады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтижелер:** «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; |

| | | |
|---|---|---|
| | | сурет салудың техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді мүсіндейді, мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі,<br>түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.<br>**Желімдеудің техникасын үйрету:** желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; геометриялық фигураларды ажыратады, желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.<br>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** құрастыруды қызығушылықпен орындайды; құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Билер:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Ойындар, хороводтар: әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту: шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдай біледі. Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді. Жануарлырдың жүрістерін жетекшінің көмегінсіз өз еріктерімен жасай алады. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.** «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Дербестікті қалыптастыру:** киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Көлік құралдарының түрлерімен<br>таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.** Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу,оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие**. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.** Балалар тұратын қала туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Көкөністер мен жемістердің тану және атау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Күтілетін нәтижелер:** отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды; балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар; тұратын қаласын біледі; «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие;<br>тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; үй жануарлары таниды; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |

| Айы | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | **Жүру.**тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру:<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** арқан бойымен жүру<br>**Жүгіру.** қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін)<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу** төменнен екі қолмен көлденең нысанағалақтыру<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Секіру.** 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар** заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:** допты бір-біріне басынан |

| | | |
|---|---|---|
| | | жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>**Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. автомобильдер, өз бетінше ойнауға ынталандыру.жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар.** биік емес төбеден сырғанау.<br>**Күтілетін нәтиже:**тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; қарқынды өзгертіп, жылдам жүгіреді; алға қарай жылжып қашықтыққа секіреді;кеудеге,аяққа арналған жаттығуларды орындайды,гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі;бір-бірден сапқа тұрады, жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; биік емес төбеден сырғанайды. |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. артикуляциялық аппаратты дамыту, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор**. сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, жұмбақ шешкізу,сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету<br>**Күтілетін нәтиже:** дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады,жұмбақтарды қызуғықшылықпен шешеді; шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, өз бетінше қайталап айтады. |
| | **Көркемәдебиет** | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:** кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады; сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады,тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта:**Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына<br>жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі<br>сөйлесуге<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.Қазақ тіліне тән қ қайталау ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:Сөздерді байланыстырып сөйлуге үйрету;<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру..<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қазақ тіліне тән дыбыстарынды қ,ү дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және ді;<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарынды қ,ү дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және ді;<br>Сөздерді байланыстыра сөйлейді, өздеріне айтылған сөздерді түсінеді. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.** Екі затты өлшемі бойынша (биік-аласа) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** тең және тең емес заттар тобын салыстырады; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады,сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже**: заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; азықтүлік тағамдарын  өз бетінше мүсіндей алады,мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолданад; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.  Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** құрастыруды қызығушылықпен орындайды; құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; өзі құраған құрылысымен ойнайды;  ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарымқатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Дербестікті қалыптастыру:** киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** Заттарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.** Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан.** еліміздің астанасы туралы білімдерін қалыптастыру. өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.** бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.** Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Күтілетін нәтижелер:** отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; сюжетті-рөлдік ойындарда отбасы мүшелерінің рөлдерін сомдайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды; Қазақстан Республикасының бас қаласы Астанамен таныс;ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен біледі; бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін таниды, өсімдік бөліктерін атайды; Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктері бар;табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы қыс мезгіліндегі маусымдық өзгерістер атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Ән айту:** Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Билер:** Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау<br>**Ойындар, хороводтар:** әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту: шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау**: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже: :** қарапайым әндер мен күйлерді ажырата алады. Музыканың сүйемелдеуімен биік ноталарын айта алады. Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды; |

| Айы | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене шынықтыру** | **Жүру.**Қол ұстасыпжүру<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** Тепе-теңдікті сақтай отыры тура жолмен жүру<br>**Жүгіру.** Шеңбер бойымен тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**,оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан)лақтыру, заттардың арасымен, қақпаға домалату.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу<br>**Секіру.** құрсаудан құрсауға, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша),бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:** солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); **Аяққа арналған жаттығулар:** қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. доптар,<br>өз бетінше ойнауға ынталандыру.ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар.** Шанамен сырғанау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:**Қол ұстасыпжүреді;Тепе-теңдікті сақтай отыры тура жолмен жүру**;**шеңбер бойымен тоқтамай баяу қарқынмен жүгіреді;оң және сол қолмен қашықтықтан лақтырады;, заттардың арасымен, қақпаға допты домалатады; еденге қойылған тақтай бойымен еңбектейді**;**құрсаудан құрсауға, тұрған орнынан ұзындыққа секіреді;шеңберге,бір-бірінің жанына сапқа тұрады;жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды; |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, санамақтар айту.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,<br>жұмбақ шешкізу сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;<br>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; |
| | **Көркемәдебиет** | Әңгімелерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады; әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта:** өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті<br>**Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу** |

| | | |
|---|---|---|
| | | **кезінде тыныс алуды, естуді дамыту**. Қазақ тіліне тән ү қайталау ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**<br>- ойын арқылы сөздік қорды молайту;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету<br>**Байланыстырып сөйлеу:**шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қазақ тіліне тән дыбыстарынды «ү,ұ» дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және ді; зат есім және сын есім, зат есім және етістік сөз тіркестерін құрастырады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. **Шама.** Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша ұзындығы, бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыруды жалғастыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты ұзындығы бойынша салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Қылқалам,майлы бояумен жұмыс жасауды жалғастыру.Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет салу бойынша: сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие,қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, |

| | | |
|---|---|---|
| | | есу, жаю тәсілдері арқылы ыдыстар мүсіндеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндейтін затты зерттейді; Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ыдыстар мүсіндейді;Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>**Желімдеудің техникасын үйрету:** желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды қызығып жасайды; |
| | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** құрастыруды қызығушылықпен орындайды; құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |
| | **Қоршағанортаментаныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**. отбасы мүшелері туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.** Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау,ұқыптылыққа баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес» қарапайым түсініктерді дамыту<br>**Менің Отаным – Қазақстан.** Балаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.** Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау)<br>**Күтілетін нәтиже:** отбасы мүшелері туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау,ұқыптылыққа баулу.<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес» қарапайым түсініктергеие;<br>мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие;<br>табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;<br>әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту**).**<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Билер:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Ойындар, хороводтар: әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту: шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.<br>**Күтілетін нәтиже: әуенді көңіл күймен жеткізеді.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мәтінге сәйкес би қимылдарын жасайды. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдай біледі.Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді. Аспаптарды жетекшінің көрсетуімен қайталайды. |

| Айы | Ұйымдастырылғаніс- әрекет | Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | **Жүру.** арқаннан ұстап жүру<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардан тепе-теңдікті сақтай жүру<br>**Жүгіру.**жыланша жүгіру<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**.аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір біріне домалату.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.**арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) өрмелеу<br>**Секіру.** заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:** иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту<br>шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар.** Шанамен бір-бірін сырғанату;<br>**Күтілетін нәтиже:** арқаннан ұстап жүгіреді; заттарды айналып және заттардың арасымен секіреді; жыланша жүгіреді;<br>аяқтарын алшақ қойып, отырып, қашықтықтан допты бір біріне домалату заттардың арасымен еңбектейді, бір-бірден сапқа тұрады, сапта өз орнын табады; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан жаққа созып еңкею<br>отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің бойымен қосалқы қадаммен жүреді;.<br>жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін |

| | | |
|---|---|---|
| | | сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды; |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дауысты " а"және "ә "дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту**.**<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br>санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауысты дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; |
| | **Көркемәдебиет** | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>**Күтілетін нәтиже**: сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады; қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады; ертегі мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта:**бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға дамыту.Қазақ тіліне тән ұ қайталау і дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтижелер:** Қазақ тіліне тән дыбыстарынды і,ұ дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және ді; Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады ,көпше түрде қолданады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.** Екі затты өлшемі бойынша артық-кем салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** тең және тең емес заттар тобын салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** негізгі түстерді дұрыс атайды; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы ойыншықтарды мүсіндеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндейтін затты зерттейді; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы ойыешықтарды өз бетінше мүсіндей алады; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**жапсыру бойынша: желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Құрастыру** | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |
| | **Қоршағанортаментаныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.** өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Ауыл шаруашылық көлік түрлерімен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.** Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан**. көшеде,жолда тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>**Өсімдіктер әлемі.** Ағаштардың тану және атау<br>**Жануарлар әлемі.** Қазақстанды мекендейтін дала жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы,), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Күтілетін нәтиже:**әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды; көлік құралдарын атайды,жолда тәртіп сақтайды; Ауыл шаруашылық көлік түрлерімен таныс; «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; . көшеде,жолда тәртіп сақтайды, Балаларды әдепті қарым-қатынасты біледі ,туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; Ағаштардың танйды және атайды;дала жануарларды таниды; табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; ұқыптылық танытад;балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау<br>**Билер:** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Ойындар, хороводтар: әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту:** шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтайды,түзеу бағытта жүреді.Әуені бойынша әндерді таниды, олардың мазмұны туралы баяндайды; |

| Айы | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **Наурыз** | **Денешынықтыру** | **Жүру.**тоқтап жүру<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру.**шашырап жүгіру;<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу** допты кеуде тұсынан лақтыру |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Еңбектеу, өрмелеу.** көлбеу модуль бойымен<br>**Секіру.** 15-20 сантиметр биіктіктен секіру<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**шеңбердегі өз орнын табуға үйрету,<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру,<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:** аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;<br>**Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату,өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.автомобильдер, өз бетінше ойнауға ынталандыру,жылдамдықты дамыту<br>**Күтілетін нәтиже:**тоқтапжүреді; қол ұстасып, қырлы тақтайдың бойымен жүру; шашырап әр түрлі бағытта жүгіреді;  допты кеуде тұсынан лақтыру<br>биіктіктен секіреді;шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады;<br>заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтереді;аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту ;аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қоюды игерген;жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды;<br> қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие;  салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; автомобильдермен ойнайды. |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дауысты "е" және" о" дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту**.**<br>**Сөздік қор.** Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы  ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау |

| | | |
|---|---|---|
| | | кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауысты дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады;әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; |
| | **Көркемәдебиет** | Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру<br>**Күтілетін нәтиже:**ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды; оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады; тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады; |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта:** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйретуді жалғастыру<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор:**күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін<br>сөздерді дұрыс айту және мағыналарын түсіну (әке, ана, ата, әже, апа, аға т,б,) апта күндері мен ай атауларын, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**:<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).<br>**Байланыстырып сөйлеу:**Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айата алады.<br>туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді ажыратады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша)<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигуралармен таныстыруды жалғастыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі; заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру.Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | жинайды; |
| | **Қоршағанортаментаны стыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**. өзінің отбасы, отбасылық қарымқатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Суда жүзетін көлік түрлері таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.** Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан**. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру<br>**Жануарлар әлемі.** табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқыауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау:**жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды |

| | | |
|---|---|---|
| | | құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>өзінің отбасы, отбасылық қарымқатынас туралы әңгімелеп, жақындарына қамқорлық таныта біледі; дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды, қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі;Суда жүзетін көлік түрлерін көлік құралдарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген;табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды; табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды.<br>«дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау<br>**Билер:** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.<br>**Ойындар, хороводтар:** әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту: шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>**Күтілетін нәтиже:** Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдайды, әуенді дұрыс , нақты интонациямен орындайды. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды. Музыка ырғағына сай жетекшінің көмегімен аспапта ойнай алады. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
| **Сәуір** | **Дене шынықтыру** | **Жүру.** жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жүгіру**белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы<br>**Домалату, лақтыру, қағып алу**. оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** туннель арқылы еңбектеу<br>**Секіру.** ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, **Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.** бір- |

| | | |
|---|---|---|
| | | бірінің жанына сапқа тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау;<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:** аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше;<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. велосипедтер, өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. автомобильдер, өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар.** Велосипед тебу.<br>**Күтілетін нәтиже:**жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттарды айналып жүгіреді; тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді; кеудеге,аяққа арналған жаттығулар жасайды<br>оң және сол қолмен тік нысанаға заттарды лақтырады ,тунелдің арасымен еңбектейді, бір-бірден сапқа тұрады, жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; велосипед тебеді |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Дауысты " ұ " дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту,санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызығушылығын ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауысты дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; |
| | **Көркемәдебиет** | Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.<br>**Күтілетін нәтиже**:ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта:**бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:**<br>Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға, есте<br>сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.<br>**Сөздік қор:**Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйретуді жалғастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>байланыстырып сөйлеудің түрлі бейнелерін және оның белгілерін тани алу икемділігін, әңгімені құрастыру және қайталап айту дағдысын қалыптастыру.<br>**Күтілетін нәтиже:**Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айата алады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.** Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигураларды ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** тең және тең емес заттар тобын салыстырады; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Құмға таяқшалармен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу**.**<br>**Күтілетін нәтиже:**заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру.Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**құрастыруды қызығушылықпен орындайды; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |
| | **Қоршағанортаментаныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**. әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем.** Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі |

| | | |
|---|---|---|
| | | заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.** Жерде жүретінкөлік түрлерімен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.** Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан**. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.** Қазақстанды мекендейтін жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Еңбекке баулу.** Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң |

| | | |
|---|---|---|
| | | ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Заттық әлем.** Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже** әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды; Жерде жүретін көлік түрлерін атайды, жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі;«дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие;<br>тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады;туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген;<br>Қазақстанды мекендейтін жануарлар жайлы түсініктері бар;табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды;топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады; амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау<br>**Билер:** Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру**.**<br>**Ойындар, хороводтар: әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту:** шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.<br>**күтілетін нәтиже:** Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл-күйін ажырата алады.<br>Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып |

| | | |
|---|---|---|
| | | орындайды; |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
| **Мамыр** | **Дене шынықтыру** | **Жүру.**еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>**Тепе-теңдікті сақтау.** арқан бойымен жүру<br>**Жүгіру.**тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; **Домалату, лақтыру, қағып алу**.Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** саты бойымен өрмелеу<br>**Секіру.**сызықтан секіру<br>**Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.**шеңбердегі өз орнын табуға үйрету, бір-бірінің жанына сапқа тұру<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.** қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>**Кеудеге арналған жаттығулар:** иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта)<br>**Аяққа арналған жаттығулар:** отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру.<br>**Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. велосипедтер, өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар.** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Күтілетін нәтиже:** заттарды айналып жүгіреді; тоқтап , белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіреді;арқан бойымен тепе-теңдікті мақтап жүреді;<br>сызықтан секіреді;допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; саты бойымен өрмелейді,сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие;бірлескен қимылды ойындарға қатысады; үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген; |
| | **Сөйлеудідамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын |

| | | |
|---|---|---|
| | | жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы киім, аяқ киім және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу,сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.** Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру,таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.<br>**Күтілетін нәтиже:** дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады;<br>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; |
| | **Көркем әдебиет** | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**Күтілетін нәтиже:** кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады. |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта:** Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіругедамыту.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор:**Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы:**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйретуді жалғастыру. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) бекіту.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге |

| | | |
|---|---|---|
| | | машықтандыру.<br>**Күтілетін нәтижелер:** Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажыратады, оларды көпше түрде қолдануды біледі. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолданады (бар, кел, айт). Зат есім және сын есім, зат есім және етістік сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастырады. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.** «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.** заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.** Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекті, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.<br>**Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.<br>**Күтілетін нәтиже:** екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі. |
| | **Сурет салу** | Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:** қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды; |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:**заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндейтін затты зерттейді; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады; |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды қызығып жасайды; геометриялық фигураларды ажыратады, желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады; |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың  өз бетінше құрылыстар құрастыра білуге баулу.Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>**Күтілетін нәтиже:**құрастыруды қызығушылықпен орындайды; құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды; |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі** әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.** Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**  Көлік құралдарының түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.** Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» |

| | | |
|---|---|---|
| | | әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным – Қазақстан**.Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп  сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.** Қазақстанды мекендейтін жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**  Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың  көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау:**жануарларға тиіспеу,  қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау, топта терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау, серуенде отпен ойнамау, жолға шықпау, ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау.<br>**Күтілетін нәтиже**: әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; дербестік танытады: киінеді, жуынады және  тісін тазалайды; тұрмыстық заттарын атайды; көлік құралдарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; Туған өлке туралы қарапайым түсініктері бар<br> Қазақстанды мекендейтін жануарларды таниды;табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады;Отанына деген сүйіспеншілік сезімі дамыған топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; әдептілік танытады: амандасады, қоштасады, көмектескені үшін алғыс айтады; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды.Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарайды, көмек көрсетеді; |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді<br>**Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, |

| | | |
|---|---|---|
| | | қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Билер:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда танис би қимылдарын қайталау<br>**Ойындар, хороводтар:** әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарды өзгерту: шапшаңдық пен икемділік таныту, үлкен шеңберге және шашырап тұру.<br>**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен 43 таныстыру<br>**Күтілетін нәтиже:** әннің басталуы мен аяқталуын ажырата алады. Музыкамен жүгіреді, ойындар, марштарды жетекшімен жасай алады.Музыкалық аспапты ұстау, онымен ойнап дыбыс шығаруды біледі. |